Компания жалдау мерзімін, егер оның орындалатындығына негіз болса, сол жалдауды ұзарту опциясы қарастыратын кезеңдермен немесе егер бұл опция орындалмайды деп болжанса жалдауды бұзу опциясы қамтитын кез-келген кезеңмен бірге өзгертілмейтін жалдау мерзімі ретінде анықтайды. Компания белгілі бір жалдау шарттары бойынша активтерді үш жылдан бес жылға дейінгі қосымша мерзімге жалдау мүмкіндігіне ие. Компания ұзарту мүмкіндігін қолданудың орындылығын бағалау кезінде пайымдама қолданады. Яғни, оның ұзартуын жүзеге асыруы үшін экономикалық ынталандыру тудыратын барлық тиісті факторлар ескеріледі. Компанияның бақылауында жалдау мерзімін ұзарту мүмкіндігін (мысалы, бизнес стратегиясын өзгерту) пайдалану (немесе пайдаланбау) мүмкіндігіне әсер ететін елеулі оқиға немесе жағдай орын алса, бастапқы күннен кейін жалдау мерзімі қайта қаралады. Компания жалдау мерзімінің бөлігі ретінде осы активтерді өз қызметіндегі маңыздылығына байланысты ұзарту кезеңін қосты. Бұл жалдау шарттары қысқа жоюға тыйым салынған мерзімге ие (яғни, үш-бес жыл). Егер осы активтерге қол жеткізу оңай болмаса, операциялық қызметке айтарлықтай кері ықпал тигізуі мүмкін.

4 Елеулі есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар

Компанияның қаржылық есептілігін әзірлеу оның басшылығынан есепті кезеңнің соңына пікір білдіруін, есепте көрсетілетін түсім сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Дегенмен осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік соған қатысты осы сияқты жорамалдар мен бағалаулар қабылданған активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына келешекте елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Компанияның тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы және белгісіздіктері туралы басқа да ақпараттың ашылып көрсетілуі келесі ескертпелерде келтірілген:

- қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаты мен саясаты (23-ескертпе);
- сезімталдылықты талдау туралы ақпараттың ашылып көрсетілуі (23-ескертпе).

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің теңгерімдік құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін. Компанияның болжаулары мен бағалау мәндері ол қаржылық есептілігін дайындау кезінде оның қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Алайда ағымдағы жағдаяттар мен болашаққа қатысты болжаулар нарықтық өзгерістер мен Компания бақылауында емес жағдаяттарға байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер, олардың жасалуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

Негізгі құралдарды қайта бағалау

Компания негізгі құралдарды қайта бағаланған құны бойынша есепке алады. 2019 жылы Компания 2019 жылғы 31 шілдедегі жағдай бойынша негізгі құралдарды қайта бағалау жүргізу үшін тәуелсіз кәсіби бағалаушы «Value Solution» ЖШС-ны («бағалаушы») тартты. Бағалаушының кәсіби біліктілігі, сондай-ақ тиісті тәжірибесі бар.

Пайдаланылған бағалау әдістемесі, бастапқыда, өтемақының амортизацияланған құнын бағалауға негізделген («шығынды әдіс»). Шығынды әдіс, егер бағаланатын нысан жаңа немесе құрылыс сатысында болса, солар үшін ықтимал сатудың бағалары туралы ақпаратты алу мүмкін болмайтын (белсенді нарық болмағанда) шектелген нарығы бар нысандарға (мамандандырылған нысандарға) жататын болса, қолданылады.

Бағалау шеңберінде бағалаушы Компанияның негізгі құралдарының мамандандырылған нысандарының экономикалық тозуының көлемін талдау кезінде кірісті әдісті пайдалана отырып барабар табыстылық тестісін өткізді.

Компания мүлкінің басым бөлігі мамандандырылған болып табылады, оны басқа қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін балама пайдалану мүмкін емес. Бағаланатын активтерге ұқсас мәмілелер жоқ.

4 Елеулі есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)

Шығынды әдісті қолданған кезде кейбір негізгі элементтер назарға алынды, мысалы:

- активтің ерекшелігін, оның қызметі мен ортасын түсіну;
- қалған пайдалы қызмет мерзімін (физикалық тозуды бағалау үшін) және активтің экономикалық пайдалы мерзімін анықтау үшін зерттеу және талдау;
- қаржы-шаруашылық қызметке қойылатын талаптарды білу (функционалды немесе техникалық ескіруді бағалау үшін);
- қол жетімді нарықтық мәліметтерге қол жеткізу арқылы негізгі құралдар туралы хабардар болу; құрылыс технологиялары мен материалдарын білу (қазіргі балама активтің құнын бағалау үшін); және
- экономикалық/сыртқы ескірудің құнға әсерін анықтау үшін жеткілікті білу.

Бағалау аясында бағалаушы Компанияның негізгі құралдарының мамандандырылған объектілерінің экономикалық тозуына талдау жүргізу кезінде кіріс әдісін қолдана отырып, барабар кірістілікке тест жүргізді, нәтижесінде пайдалану құндылығы 341,403,715 мың теңге мөлшерінде анықталды.

Барабар табыстылық пайдалану құндылығын бағалау жолымен есептелді. Пайдалану құндылығын есептеу кезінде келесі негізгі жорамалдар қолданылды:

Дисконттау мөлшерлемесі	15,23%
Аса маңызды активтің қалған қызмет ету мерзімі	17 жыл

Өтеудің амортизацияланған құны алынған пайдалану құндылығынан төмен болды, тиісінше, Компанияның негізгі құралдарының әділ құны ретінде көрсетілді. Пайдалану құндылығын бағалау нәтижелері көрсетілетін қызметтерді іске асыру көлеміне қатысты болжамдарға, көрсетілетін қызметтерге тарифтердің және АҚШ доллары бағамының ауытқу деңгейіне сезімтал келеді:

<i>Мың теңгемен</i>	<i>Пайдалану құндылығын арттыру/(азайту)</i>
Тасымалдау көлемінің өзгеруі +/- 10%	27,192,825/(27,193,398)
Тарифтардың өзгеруі +/- 10%	70,184,797/(65,400,162)
Доллар бағамының өзгеруі +/- 10%	30,324,728/(30,324,728)

Қайта бағалау нәтижесінде негізгі құралдардың барлық топтары бойынша құнсыздандудың 318,867 мың теңге мөлшеріндегі таза сомасы пайда мен шығындар шотына салынған, ал капитал құрамындағы қайта бағалау резервіндегі шотқа 18,217,270 мың теңге сомасы салынды.

Жинақталған тозу негізгі құралдардың баланстық құнының шотына есепке алынған, ал таза сома негізгі құралдардың қайта бағаланған құнына келтірілген.

Активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлығын қалпына келтіру міндеттемесі

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «*Магистралдық құбыр туралы*» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Компанияның пайдалану аяқталғаннан кейін магистралдық құбырды (мұнай құбырын) жою жөніндегі және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, оның ішінде жер құнарлығын қалпына келтіру жөніндегі заңды міндеттемесі бар. Жер құнарлығын қалпына келтіру іс-шарасы мұнай құбырларының пайдалы қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оларды ауыстыру кезінде жасалады.

Активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлығын қалпына келтіру міндеттемелерінің резерві Қазақстан Республикасында қолданылатын техникалық қағидаларға және нормаларға (2019 және 2018 жылдары 1 км құбырды бөлшектеу жөніндегі шығындардың сомасы тиісінше 6,380 мың теңге және 5,825 мың теңге болды) сәйкес бөлшектеу және жер құнарлығын қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізудің Компания есептеген құнының негізінде бағаланады.

4 Елеулі есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)

Резервтердің сомасы міндеттемені орындаудың күтілетін мерзімі ішіндегі инфляцияның болжанатын мөлшерлемесі және төменде көрсетілген есепті жылдың аяғындағы дисконт мөлшерлемесі қолданыла отырып, есепті кезеңнің аяғында анықталды.

	2019 жыл	2018 жыл
Дисконттау мөлшерлемесі	8,21%	9,01%
Инфляция мөлшерлемесі	5,47%	5,50%
«Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры бойынша міндеттемені орындау мерзімі	19,97 жыл	20,97 жыл
«Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры бойынша міндеттемені орындау мерзімі	16,93 жыл	17,93 жыл

Дисконттау мөлшерлемесін есептеу амалы инфляцияның және елдік төуекелдің ұзақ мерзімді мөлшерлемесіне түзетілген, АҚШ-тың мемлекеттік облигациялары бойынша төуекелсіз мөлшерлемелерге негізделеді.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлылығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің теңгерімдік құнын 7,176,702 мың теңге құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 5,350,776 мың теңге) (12-ескертпе).

Залалды жою жөніндегі шығындарды бағалау табиғатты қорғау талаптары мен заңнаманың интерпретацияларында ықтимал өзгерістерге ұшырағыш. Бұдан басқа, осындай шығындарды бағалаудағы белгісіздіктер баламаларда, жою, бұзылған жерді қалпына келтіру едістеріндегі ықтимал өзгерістерді, дисконт деңгейлері мен инфляция мөлшерлемесін және осы міндеттеме басталатын кезеңді қамтиды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жер құнарлығын қалпына келтіру міндеттемелерінің елеулі жорамалдардың өзгеруіне сезімталдылығын талдау былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	Мөлшер- леменің (азаюы)/ұлғаюы	Міндет- темелердің ұлғаюы/(азаюы)
Дисконттау мөлшерлемесі	-0,5%	(541,254)
Инфляция мөлшерлемесі	+0,5%	653,261
	-0,5%	698,496
	+0,5%	(558,427)

Төлем көзінен алынатын табыс салығы

Ұсынылған нотариалды куәландырылған ICBC банкі сертификатының көшірмесі негізінде, ҚХР және ҚР заңнамасына сәйкес заңдастырылған, Қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімге сәйкес, Компания ICBC банкінің пайызына 2019 жылға 10% төмендетілген табыс салығы мөлшерлемесін қолданды (4-ескертпе).

5 Операциялар бойынша қалдықтар және байланысты тараптармен операциялар

Байланысты тараптардың анықтамасы 24 ХҚЕС-те (IAS) «Байланысты тараптар туралы есептілікті ашып көрсету» келтірілген. Егер тараптардың бірінің басқа тарапты бақылауға, бірлескен бақылауда болуға мүмкіндігі болса немесе қаржы-шаруашылық қызметтің мәселелері бойынша ол қабылдайтын шешімдерге айтарлықтай ықпал ете алса немесе оған бақылау жасай алса, тараптар әдетте байланысты болып есептеледі.

Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының сипаты да ескеріледі. Тікелей бас компаниялар және Компанияға түпкі бақылау жасайтын тараптар туралы мәліметтер 1-ескертпеде ашылып көрсетілген.

Бұл қаржылық есептіліктің мақсатында Компанияның байланысты тараптарына меншік иелері, олардың еншілес компаниялары және меншік иелерінің жалпы бақылауындағы / елеулі ықпалындағы компаниялар жатады.

5 Операциялар бойынша қалдықтар және байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Құрылтайшы (ҚазТрансОйл)	Жалпы бақы- лауындағы / елеулі ықпалындағы кәсіпорындар	Жиыны
Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі	5,923	62,176	68,099
Байланысты тараптардан мұнайды тасымалдау үшін алынған аванстар	-	2,625,873	2,625,873
Байланысты тараптардың алдындағы кредиторлық берешек	773,993	179,549	953,542

Төменде 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін байланысты тараптармен болған операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Құрылтайшы (ҚазТрансОйл)	Жалпы бақы- лауындағы / елеулі ықпалындағы кәсіпорындар	Жиыны
Кірістер	-	31,609,925	31,609,925
Шығыстар			
- Мұнай құбырларына қызмет көрсету бойынша қызметтер	8,016,379	687,166	8,703,545
- Күрделі жұмсалым шығыстар	-	4,038	4,038
- Күзету қызметтері	-	1,044,077	1,044,077
- Басқа да қызметтер	1,771	331,761	313,532

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Құрылтайшы (ҚазТрансОйл)	ҚазМұнайГаздың жалпы бақы- лауындағы / елеулі ықпалындағы кәсіпорындар	Жиыны
Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі	5,225	1,358	6,583
Байланысты тараптардан мұнайды тасымалдау үшін алынған аванстар	-	2,797,534	2,797,534
Байланысты тараптардың алдындағы кредиторлық берешек	742,424	247,782	990,206

Төменде 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін байланысты тараптармен болған операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Құрылтайшы (ҚазТрансОйл)	ҚазМұнайГаздың жалпы бақы- лауындағы / елеулі ықпалындағы кәсіпорындар	Жиыны
Кірістер	2,057	29,027,093	29,029,150
Шығыстар			
- Мұнай құбырларына қызмет көрсету бойынша қызметтер	7,937,208	642,357	8,579,583
- Күрделі жұмсалым шығыстар	-	994,359	994,359
- Күзету қызметтері	-	994,359	994,359
- Басқа да қызметтер	2,201	339,621	341,762

Басқарма мүшелеріне сыйақылар

Басқарманың алты мүшесіне олардың тұрақты атқарушы басшылық лауазымдарындағы қызметтері үшін төленген сыйақы жалақының келісімшарттық сомасы мен сыйлықақыдан тұрады. 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін пайда немесе зияндар туралы есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған сыйақының жалпы сомасы 245,156 мың теңге (2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін: 239,235 мың теңге) болды.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
Түсіндірме жазбасы 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

6 Негізгі құралдар

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша негізгі құралдар былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Жер	Үйлер мен ғимараттар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Мұнай құбырлары	Басқа көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2017 жылғы 31 желтоқсанға қайта бағаланған құн	75,137	49,403,876	43,081,908	130,120,180	402,366	727,023	1,036,364	224,846,854
Түсімдер	-	-	232,328	-	1,490	84,894	2,674,565	2,993,277
Ауыстыру	-	434,267	567,225	1,454,481	-	(16,497)	(2,454,881)	-
Есептен шығару	-	(25,648)	(80,459)	(59,190)	-	(15,405)	-	(180,702)
2018 жылғы 31 желтоқсанға қайта бағаланған құн	75,137	49,812,495	43,801,002	131,515,471	403,856	795,420	1,256,048	227,659,429
Түсімдер	-	-	444,187	-	-	41,069	4,422,154	4,927,410
Қайта бағалау кезінде жинақталған тозуды есептен шығаруға байланысты бастапқы құнды азайту	-	(4,243,313)	(6,271,925)	(10,378,998)	(159,206)	(320,935)	-	(21,374,377)
Ауыстыру	-	694,395	260,878	1,130,236	-	43,167	(2,128,676)	-
Есептен шығару	-	-	(605)	(1,318)	(161,129)	(4)	(66)	(163,122)
Негізгі құралдарды қайта бағалау	3,020	2,942,640	336,429	14,648,866	80,682	205,633	-	18,217,270
Құнсыздану, жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген	-	(1,469,977)	(157,512)	(99)	(17)	(19,321)	-	(1,646,926)
Құнсызданған бағаны қалпына келтіру, жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген	-	580,176	688,912	23,697	28,206	7,068	-	1,328,059
2018 жылғы 31 желтоқсанға қайта бағаланған құн	78,157	48,316,416	39,101,366	136,870,513	192,392	752,097	3,636,802	228,947,743
2017 жылдың 31 желтоқсанына жинақталған тозу және құнсыздану	-	(380,651)	(594,876)	(1,064,934)	(15,149)	(30,722)	(986,098)	(3,072,430)
Кезеңдегі амортизациялық аударымдар	-	(2,360,627)	(3,584,168)	(5,759,054)	(90,951)	(189,669)	-	(11,984,469)
Жою және көшіру бойынша амортизация	-	1,822	1,260	21,601	-	14,143	-	38,826
2018 жылдың 31 желтоқсанына жинақталған тозу және құнсыздану	-	(2,739,456)	(4,177,784)	(6,802,387)	(106,100)	(206,248)	(986,098)	(15,018,073)
Кезеңдегі амортизациялық аударымдар	-	(2,687,709)	(3,779,035)	(6,466,416)	(84,716)	(165,710)	-	(13,183,586)
Қайта бағалау бойынша жинақталған амортизацияны есептен шығару	-	4,243,342	6,276,180	10,375,519	159,206	320,130	-	21,374,377
Жою және көшіру бойынша амортизация	-	-	86	971	10,742	2	-	11,801
2019 жылдың 31 желтоқсанына жинақталған тозу және құнсыздану	-	(1,183,823)	(1,680,553)	(2,892,313)	(20,868)	(51,826)	(986,098)	(6,815,481)
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша								
Қайта бағаланған құн	78,157	48,316,416	39,101,366	136,870,513	192,392	752,097	3,636,802	228,947,743
Жинақталған тозу және құнсыздану	-	(1,183,823)	(1,680,553)	(2,892,313)	(20,868)	(51,826)	(986,098)	(6,815,481)
Баланстық құны	78,157	47,132,593	37,420,813	133,978,200	171,524	700,271	2,650,704	222,132,262
2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша								
Қайта бағаланған құн	75,137	49,812,495	43,801,002	131,515,471	403,856	795,420	1,256,048	227,659,429
Жинақталған тозу және құнсыздану	-	(2,739,456)	(4,177,784)	(6,802,387)	(106,100)	(206,248)	(986,098)	(15,018,073)
Баланстық құны	75,137	47,073,039	39,623,218	124,713,084	297,756	589,172	269,950	212,641,356

12-32 бет аралығындағы ескертпелер осы жылдық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
Түсіндірме жазбасы 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

6 Негізгі құралдар (жалғасы)

Амортизациялық аударымдар

<i>Мың теңгемен</i>	Ескерт.	2019 жыл	2018 жыл
Сатылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	17	13,034,972	11,837,252
Әкімшілік шығыстар	18	148,614	147,217
Жиыны		13,183,856	11,984,469

Егер негізгі құралдар тарихи құны бойынша ескерілсе, төменде солар жөніндегі ақпарат келтірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Жер	Үйлер мен ғимараттар	Машиналар мен құрал жабдықтар	Мұнай құбырлары	Басқа көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2018 жылдың 31 желтоқсанына								
Құны	5,361	53,840,183	60,640,324	141,650,457	814,560	1,233,678	1,256,048	259,440,611
Жинақталған амортизация	-	(19,101,971)	(33,651,436)	(44,566,913)	(653,770)	(828,073)	(986,098)	(99,788,261)
Таза баланстық құны	5,361	34,738,212	26,988,888	97,083,544	160,790	405,605	269,950	159,652,350
2019 жылдың 31 желтоқсанына								
Құны	5,361	54,528,849	61,341,614	144,025,639	573,876	1,281,551	3,613,432	265,370,322
Жинақталған амортизация	-	(20,996,685)	(36,230,013)	(49,131,396)	(499,623)	(903,910)	(986,098)	(108,747,725)
Таза баланстық құны	5,361	33,532,164	25,111,601	94,894,243	74,253	377,641	2,627,334	156,622,597

7 Басқа ұзақ мерзімді активтер

Қосалқы құнға салынатын салық (ҚҚС) сатып алуларға қатысты ҚҚС-ты білдіреді. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 695,527 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсан: 3,444,458 мың теңге) сомасында өтелуге жататын ҚҚС сомасын ұзақ мерзімді актив ретінде көрсетті, себебі Компания басшылығы бұл ҚҚС келешектегі ҚҚС бойынша төлемдер есебінен 2019 жылғы 31 желтоқсаннан кейін 12 айдан асатын мерзімде есепке алынады деп есептейді.

8 Өзге қысқа мерзімді активтер

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқа да қысқа мерзімді активтер былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2019 жыл	31 желтоқсан 2018 жыл
Өтелуге жататын ҚҚС	2,402,294	1,052,227
Салықтар бойынша алдын ала төлемдер	358,926	308,664
Келешек кезеңдердің шығыстары	85,024	88,290
Төленген аванстар	2,707	11,508
Басқа	58,180	36,955
Жиыны	2,907,131	1,497,644

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
Түсіндірме жазбасы 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

9 Өзге қысқа мерзімді қаржы активтері

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2019 жыл	31 желтоқсан 2018 жылғы
Өтеу мерзімі 12 айға дейін болатын мерзімді депозиттер	17,728,264	16,970,940
Алынуға жататын қысқа мерзімді сыйақылар	50,821	29,217
Резервтер	(7,194)	(5,051)
Жиыны	17,771,891	16,995,106

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мерзімді депозиттер АҚШ долларында орналастырылды.

10 Ақша қаражаты мен оның баламалары

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2019 жыл	31 желтоқсан 2018 жылғы
Банктердегі ақша қаражаты – валютада	27,809,841	14,170,088
Банктердегі ақша қаражаты – теңгемен	2,892,616	1,831,309
Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты – теңгемен	1,229,049	1,117,550
Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты – валютада	–	384,200
Корпоративтік карталардағы ақша қаражаты	5,813	5,876
Қолма-қол ақша	5	–
Резервтер	(195)	(122)
Жиыны	31,937,129	17,508,911

Валютадағы ақша қаражаты келесі шетелдік валюталарда білдірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2019 жыл	31 желтоқсан 2018 жылғы
АҚШ Доллары	27,768,869	14,519,176
Қытай юані	40,972	35,112
Жиыны	27,809,841	14,554,288

11 Қарыздар

Компанияның 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына қарыздары былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2019 жыл	31 желтоқсан 2018 жыл
Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі	30,113,834	30,823,721
Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	151,738,462	178,800,794
Жиыны	181,852,296	209,624,515

11 Қарыздар (жалғасы)

Қаржылық қызметке негізделген міндеттемелердегі өзгерістер

2019 және 2018 жылдарға арналған қаржылық қызметке негізделген міндеттемелердегі өзгерістер келесі түрде ұсынылады:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
2019 жылғы 1 қаңтарына	209,624,515	198,884,794
Ақша ағындары	(36,691,645)	(26,965,630)
Сыйақы ағындары	10,887,978	11,084,308
Капиталдандырылған сыйақы	3,781	-
Валюта бағамдарының өзгеруі	(930,665)	27,740,666
Төлем көзінен алынған табыс салығы	(1,041,668)	(1,119,623)
2019 жылғы 31 желтоқсан	181,852,296	209,624,515

Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі және «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ

2018 жылғы 27 маусымда Компания агент ретінде әрекет ететін «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ-мен бірлесіп Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкімен несие шартын жасады. Қарыз сомасы 540 миллион АҚШ доллары болды (баламасы 191,756,400 мың теңге), қарыз кезеңі – мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігімен 6 жыл. Бұл қарыздың мақсаты Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі мен АйЭнДжи Банка Н.В. және Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі мен «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ-нан қарыздарды қайта қаржыландыру болып табылады. Компания 1,715,867 мың теңге (5,010 мың АҚШ доллары) мөлшерінде қарызды ұйымдастыру шығындарын көтерді.

2018 жылғы 11 қыркүйекте Компания 2013 жылы агент ретінде іс-қимыл жасаған «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ-мен бірлесіп Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкімен жасалған несие шартының шеңберінде алынған қарыз бойынша тиісінше 65,360,500 мың теңге және 3,345,330 мың теңге сомасындағы негізгі борыш пен есептелген сыйақыны толығымен өтеді.

Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі және АйЭнДжи Банк Н.В.

2018 жылғы 12 тамызда Компания 140,613,358 мың теңге және 7,686,975 мың теңге сомасында қарыз бойынша тиісінше негізгі борыш пен есептелген сыйақыны толығымен төледі.

12 Ұзақ мерзімді резервтер

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына мұнай құбырларын жою және жер құнарлығын қалпына келтіру міндеттемесінің резервімен білдірілген қосымша резервтер былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
1 қаңтарға арналған сальдо	5,350,776	4,679,349
Бағалаудағы өзгерістер	1,325,756	221,179
Дисконт амортизациясы (20-ескертпе)	500,170	450,248
31 желтоқсанға сальдо	7,176,702	5,350,776

13 Байланысты тараптардан алынған транзиттік мұнайын тасымалдауға арналған аванстар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үшінші тараптардан алынған аванстар (код жолы 217), негізінен, 3,564,962 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсан: 2,679,566 мың теңге) мөлшерінде «Нефтяная компания «Роснефть» ААҚ транзиттік мұнайын тасымалдауға арналған авансты білдіреді.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
Түсіндірме жазбасы 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

14 Өзге қысқа мерзімді қарыздар және есептелген міндеттемелер

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2019 жыл	31 желтоқсан 2018 жыл
Өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешек бойынша	1,954,859	1,845,181
Қызметкерлерге берілетін сыйақы (жол коды 216)	245,148	254,199
Табыс салығынан басқа өзге де салықтар (жол коды 217)	54,002	56,641
Қолданылмаған демалыс бойынша резервтер (жол коды 214)	37,289	42,958
Басқа кредиторлық қарыздар	558,420	519,642
Резидент еместер үшін табыс салығы	-	687,720
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер (жол коды 217)	313,272	265,443
Жиыны	2,604,570	3,152,142

Басқа кредиторлық берешек 2019 жылғы 31 желтоқсан мен 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізінен 262,538 мың теңге және 243,003 мың теңге сомасындағы келісімшарттар бойынша кепілдік міндеттемелерді қамтиды.

15 Түсім

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін түсім былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Қызметтердің түрі		
Транзиттік мұнайды тасымалдау	40,976,470	28,047,811
Мұнайды ішкі нарыққа тасымалдау	29,433,147	22,697,921
Мұнайды экспортқа тасымалдау	5,776,639	10,140,454
Жиыны	76,186,256	60,886,186
Географиялық өңірлер		
Қазақстан	76,186,256	60,886,186
Жиыны	76,186,256	60,886,186
Түсімді мойындау мерзімдері		
Өлдебір уақыттан кейін көрсетілген қызметтер	76,186,256	60,886,186
Жиыны	76,186,256	60,886,186
Түсім		
Резиденттерге сатулар	35,209,786	32,838,375
Резидент еместерге сатулар	40,976,470	28,047,811
Жиыны	76,186,256	60,886,186

16 Сатылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін сатылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Негізгі құралдардың тозуы (6-ескертпе)	13,034,972	11,837,252
Операциялық және техникалық қызмет көрсету	9,183,211	8,994,708
Табыс салығынан басқа салықтар	2,926,450	2,922,480
Күзет қызметтері	1,139,248	1,011,397
Жолдарды күтіп ұстау және жөндеу шығындары	669,927	453,173
Электр қуатының шығыстары	618,412	644,902
Жалақы	344,386	317,343
Пайдалану құқығындағы активтің тозуы	304,324	-
Инспекциялау қызметтері	183,340	172,270
Басқа	1,402,196	1,752,266
Жиыны	29,806,466	28,105,791

17 Әкімшілік шығыстар

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін әкімшілік шығыстар былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Жалақы	1,751,854	1,697,812
Тартылған әкімшілік персоналдың жалақысы (аутсорсинг)	509,242	449,395
Табыс салығынан басқа салықтар	281,186	292,499
Іссапар шығыстары	275,624	167,345
Негізгі құралдардың тозуы (6-ескертпе)	148,614	147,217
Кеңес беру қызметтері	84,003	187,537
Сақтандыру	63,943	55,900
Жалдау шығыстары	38,148	31,569
Байланыс шығыстары	23,973	23,749
Айыппұлдар	19,014	853
Автокөлік шығындары	16,199	43,198
Басқа	498,498	444,687
Жиыны	3,710,298	3,541,761

18 Басқа да кірістер

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін басқа да кірістер былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Теріс/(оң) бағамдық айырма, нетто, қарыздардан басқа	(202,858)	2,403,400
Басқасы	63,571	(24,342)
Жиыны	(139,287)	2,379,058

19 Қаржыландыру бойынша кірістер мен шығыстар

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін қаржыландыру бойынша кірістер мен шығыстар былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкінен және АйЭнджи Банк Н.В. алынған қарыз бойынша сыйақы	10,887,978	7,614,556
Мұнай құбырларын жою және жер құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттемелер дисконтының амортизациясы бойынша шығыстар (12-ескертпе)	500,170	450,248
Ақтуарлық есеп айырысу бойынша қаржы шығындары	904	-
Қарыздар бойынша теріс бағамдық айырма, нетто	-	27,740,666
Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкінен және «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ алынған қарыз бойынша сыйақы	-	3,469,752
Төлем көзінен ұсталатын салық бойынша шығыстар	272,591	65,039
Қаржыландыру бойынша басқа да шығыстар	500,170	450,248
Жиыны	11,661,643	40,336,806
Қарыздар бойынша оң бағамдық айырма, нетто	930,665	-
Қаржыландыру бойынша басқа да кірістер	194,190	223,910
Жиыны	1,124,855	223,910

20 Табыс салығы бойынша шығыстар

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін табыс салығы бойынша шығыстар былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	33,924	30,365
Кейінге қалдырылған салық бойынша (үнемділік)/шығыстар	6,248,860	(1,073,487)
Табыс салығы бойынша (үнемділік)/шығыстар	6,282,785	(1,043,122)

2019 және 2018 жылдар үшін табыс салығының мөлшерлемесіне көбейтілген табыс салығының шығыстары мен бухгалтерлік пайда арасында салыстыру:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жыл	2018 жыл
Салық салынғанға дейінгі пайда(залал)	31,674,550	(8,495,204)
Салықтың ресми мөлшерлемесі	20%	20%
Бухгалтерлік пайдадан түскен табыс салығы бойынша (үнемділік)/шығыстар	6,334,910	(1,699,041)
Есептен шығарылмайтын шығыстардан салық өсері	(52,125)	655,919
Табыс салығы бойынша (үнемділік)/шығыстар	6,282,785	(1,043,122)

20 Табыс салығы бойынша шығыстар (жалғасы)

Қаржылық жағдай туралы тиісті есептердің жасалу күніне қаржылық есептілікте көрсетілген активтерді және міндеттемелер мен сомаларды есептеу үшін салық негіздемесі аралығындағы уақытша айырмаларға қолданылатын заңмен белгіленген салық мөлшерлемесін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған салық сальдосы 31 желтоқсанға келесіні қамтиды:

<i>Мың теңгемен</i>	2019 жылғы 1 қаңтар	Пайда мен зияндар шоттарына жатқызылды	Басқа да жиынтық кіріске жат- қызылғаны	2019 жылғы 31 желтоқсан
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер				
Қарыздар	(36,841)	40,092	-	3,251
Ұзақ мерзімді резервтер	1,070,155	100,034	265,151	1,435,340
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер	8,574	(1,116)	-	7,458
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	2,132	(59)	97	2,170
Төленуге жататын салықтар	3,682	550	-	4,232
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	398,641	-	398,641
Келесі кезеңдерге ауыстырылған салық залалдары	19,816,740	(7,110,770)	-	12,705,970
	20,864,442	(6,572,628)	265,248	14,557,062
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер				
Пайдалану құқығы негізіндегі активтер	-	(239,814)	-	(239,814)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(27,052,240)	563,582	(3,643,454)	(30,132,112)
	(27,052,240)	323,768	(3,643,454)	(30,371,926)
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелер				
	(6,187,798)	(6,248,860)	(3,378,206)	(15,814,864)
2018 жылғы 31 желтоқсан				
<i>Мың теңгемен</i>	2018 жылғы 1 қаңтар	Пайда мен залалдар шоттарына жатқызылды	Басқа да жиынтық кіріске жат- қызылғаны	2018 жылғы 31 желтоқсан
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер				
Қарыздар	609,044	(645,885)	-	(36,841)
Ұзақ мерзімді резервтер	935,870	90,049	44,236	1,070,155
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер	10,078	(1,504)	-	8,574
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	2,129	176	(173)	2,132
Төленуге жататын салықтар	4,601	(919)	-	3,682
Келесі кезеңдерге ауыстырылған салық залалдары	18,203,643	1,613,097	-	19,816,740
	19,765,365	1,055,014	44,063	20,864,442
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер				
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(27,070,713)	18,473	-	(27,052,240)
	(27,070,713)	18,473	-	(27,052,240)
Кейінге қалдырылған салық бойынша өрескел активтер/(міндеттемелер)				
	(7,305,348)	1,073,487	44,063	(6,187,798)

21 Ықтимал және шартты міндеттемелер

Қызмет ету ортасы

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтың сипаттамаларын көрсетуді жалғастыруда. Оның экономикасы елдің экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газдың және басқа тауарлардың бағасына ерекше сезімтал. Бұл сипаттамалар елден тыс жерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуын және нарықтағы борыштық және үлестік бағалы қағаздардың өтімділігінің төмен деңгейін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

Өңірдегі саяси шиеленіс, валюта бағамының тұрақсыздығы, оның ішінде өтімділіктің төмендеуі және халықаралық қаржыландыруды тарту қиындықтары экономикаға кері әсерін тигізді және ықпалы жалғасуда.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі инфляциялық таргеттеу саясатына көшті. 2015 жылғы 20 тамызда валюталық интервенциялар көлемін азайту және теңгенің айырбас бағамының қалыптасу процесіне араласуды қысқарту мақсатында теңгенің АҚШ долларына және басқа да негізгі валюталарға қатысты айырбас бағамын бұрынғы деңгейде ұстап отырудан бас тарту туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ, Ұлттық Банктің айырбас бағамына қатысты саясаты қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында айырбас бағамының кенет өзгерісін болдырмау үшін араласуды рұқсат етеді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ саласы әлі де саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің әсеріне ұшырайды. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының болашағы Үкімет қабылдаған экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ Компанияның бақылауынан тыс болатын құқықтық, реттеуші және саяси оқиғаларға байланысты.

Капитал сипатындағы шарттық міндеттемелер

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания негізгі құралдарға қатысты жалпы сомасы 2,435,170 мың теңгеге қаржы жұмсалымы бойынша шарттық міндеттемелеріне ие болды (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 269,950 мың теңге).

Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістер мен әртүрлі түсіндірулер мәні болып табылады. Жергілікті, облыстық және ұлттық салық органдарының қайшы пікірлері, оның ішінде ХҚЕС-ке сай кірістердің, шығыстардың және қаржылық есептіліктің басқа да баптарының есепке алынуына қатысты пікірлер кездесіп тұрады. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатан болып отыр.

Айыппұл санкцияларына, негізінен қосымша есептелген салық сомасының 80% мөлшеріндегі айыппұл және Қазақстанның Ұлттық банкімен белгіленген, 1,25-ке көбейтілген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімақы жатады. Жиынтығында, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомалары кез келген есептелген салықтардың нәтижесі болуы мүмкін. Салық салу кезеңдері тексерудің алдындағы жылдың күнтізбелік бес жыл мөлшерінде салық органдары тексеру үшін қол жетімді болады. Белгілі бір жағдайларда тексерулер бұдан да ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін.

Қазақстандық салық салу жүйесінің екі ұштылығынан, салықтардың, егер олар болған жағдайда айыппұл санкциялары мен өсімақылардың түпкілікті сомасы қазіргі кезеңге жатқызылған және 2019 жылғы 31 желтоқсанға есептелген шығындар сомасынан асып кетуі мүмкін.

Басшылық 2019 жылғы 31 желтоқсанға қолданыстағы заңнамаға түсінік беру тиісті деп есептейді және салық бойынша тек осы қаржылық есептілікте көрсетілгендерді алмағанда Компанияның ұстанымы расталады деген ықтимал бар.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттемелер

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму үдерісінде, сондықтан да тұрақты өзгерістерге ұшырады. Заңнамаға енгізілген өзгерістердің нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті міндеттемелер дұрыс бағалануы мүмкін емес. Ағымдағы заңнамаға сәйкес, басшылық Компанияның қаржылық жағдайына және осы қаржылық есептілікте көрсетілгенді қоспағанда, оның қызметінің нәтижесіне теріс әсер ететін мүмкін елде ықтимал міндеттемелер болмайды деп есептейді (4, 12-ескертпелер).

Сақтандыру мәселелері

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласы даму сатысында және әлемнің басқа өңірлерінде таралған сақтандыру қорғауының көптеген түрлері жалпы қолжетімсіз болып табылады.

Компания мүлікті сақтандыру, үшінші тұлға алдында Компанияның немесе оның қызметіне жататын объектілерде болған апаттан мүлікке және қоршаған ортаға залал келтірілгені үшін жауапкершілік артады.

22 Қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен саясаты

Компанияның негізгі қаржылық міндеттемелер құрамына саудалық және өзге берешек пен қарыздар кіреді. Көрсетілген қаржы құралдарының ең басты мақсаты - Компанияның шаруашылық қызметін қаржыландыру. Компанияның тікелей шаруашылық қызметінің нәтижесінде пайда болатын саудалық дебиторлық берешегі және ақша қаражаты мен ақша баламалары бар.

Компания несиелік, валюталық және өтімділік тәуекелдерінен тұратын нарықтық тәуекелге ұшырайды.

Компания басшылығы осы тәуекелдерді басқару үшін қабылданатын келесі шараларға шолу жасайды және оларды бекітеді.

Несиелік тәуекел

Компания мәмілелерді тек белгілі және несиені өтеуге қабілетті тараптармен жасайды. Компания саясатына сәйкес, коммерциялық несиені шартына байланысты саудалық операцияларын жасауды қалайтын барлық клиенттер несиелік тексеру рәсімінен өтуі тиіс. Сондай-ақ, Компанияға берешекті қайтармау тәуекелін төмендетуде сенімділікті қамтамасыз ету үшін осындай сатып алушының дебиторлық берешегі үздіксіз мониторинг астында болады. Тәуекелдің ең аз мөлшері дебиторлық берешектің баланстық құны болып табылады. Компанияда несиелік тәуекелдің қомақты шоғырлануы жоқ.

Компания салымдарды қазақстандық және шетелдік банктерде орналастырады (9 және 10-ескертпе). Компания басшылығы төтенше несиелік тәуекелдерді болдырмау мақсатында осы банктердің несиені рейтингін уақытылы тексеріп отырады. Компания басшылығы жақындағы халықаралық несиелік дағдарыс пен одан кейін болған банктердің несиелік рейтингілерінің өзгерістері төтенше несиелік тәуекелдің негізі болып табылмайды деп санайды. Тиісінше, банк салымдары бойынша құнсыздану резерві қажет емес.

Келесі кестеде «Moody's» агенттігінің несиелік рейтингісін пайдалана отырып банк салымдары мен ақша қаражаты бойынша сомалар көрсетілген:

Банктер	Орналасқан жері	Рейтинг		31 желтоқсан	31 желтоқсан
		2019 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2018 жыл
«Қазақстанның Халық банкі» АҚ	Қазақстан	Ba1	Ba1	18,766,916	18,887,262
«Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ	Қазақстан	A1	A1	30,657,518	15,581,598
"Altyn Bank" АҚ (ДБ China Citic Bank Corporation Ltd)	Қазақстан	Ba1	Ba2	200,150	-
«Алашанькоудағы Қытай Банкі» АҚ	Қытай	A1	A1	40,957	35,112
«Қазақстандағы Қытай Банкі» ЕБ» АҚ	Қазақстан	A1	A1	42	45
				49,665,583	34,504,017

Өтімділік тәуекелі

Ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын қолдана отыра, Компания ақша қаражатының тапшылық тәуекеліне бақылау жасайды. Осы құрал қаржылық инвестициялар мен қаржы активтерінің (мысалы, дебиторлық берешек, басқа да қаржы активтері) өтеу мерзімдерін, сондай-ақ операциялық қызметтен болатын болжамды ақша ағымдарын қарастырады.

Компанияның ағымдағы активтеріне, негізінен, 17,771,891 мың теңге сомасында банк депозиттері және 31,937,129 мың теңге сомасында ақша қаражаты мен оның баламалары кіреді. Қысқа мерзімді міндеттемелерге, негізінен, «ҚазТрансОйл» АҚ алдындағы 773,993 мың теңге сомасындағы берешекті қоса алғанда, 30,113,834 мың теңге сомасындағы қарыздар және 953,542 мың теңге сомасында байланысты тараптар алдындағы сауда кредиторлық берешек кіреді. Өтімділікті жақсарту мақсатында, Компания ұзақ өтеу мерзімімен қайта қаржыландыру үшін жаңа қарыз алды. Бұл қарыз кезеңдегі қарыздар бойынша міндеттемелер сомасының азаюына әкеп соқтырды. Компания өзінің операциялық қызметінен алынған ақша қаражатын пайдалану арқылы қарыздар бойынша берешекті төлеуге ниеттеніп отыр.

22 Қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен саясаты (жалғасы)

Келесі кестеде Компанияның қаржылық міндеттемелері бойынша келісілген дисконтталмаған төлемдер негізіндегі өтеу мерзімдерінің бағдарының 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақпарат берілген.

<i>Мың теңгемен</i>	<1 жыл	1 жылдан 2 жылға дейін	2 жылдан 5 жылға дейін	>5 жыл	Жиыны
2019 жылдың 31 желтоқсанына					
Несиелер мен қарыздар	35,480,969	37,760,825	131,502,439	–	204,744,233
Сауда және басқа қарыздар	2,533,648	–	–	–	2,533,648
Жеткізушілерге кредиторлық қарыздар бойынша бағалау міндеттемелері	1,954,859	–	–	–	1,954,859
Жалдау бойынша міндеттемелер	377,440	843,384	1,308,730	38,653	2,568,207
Жиыны	40,346,916	38,604,209	132,811,169	38,653	211,800,947

<i>Мың теңгемен</i>	<1 жыл	1 жылдан 2 жылға дейін	2 жылдан 5 жылға дейін	>5 жыл	Жиыны
2018 жылдың 31 желтоқсанына					
Несиелер мен қарыздар	36,637,509	35,568,600	128,010,758	43,846,103	244,062,970
Сауда және басқа қарыздар	1,510,701	–	–	–	1,510,701
Жеткізушілерге кредиторлық қарыздар бойынша бағалау міндеттемелері	1,845,181	–	–	–	1,845,181
Жиыны	39,993,391	35,568,600	128,010,758	43,846,103	247,418,852

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекелдікке ұшырайтын, шетел валютасымен берілген активтер мен міндеттемелердің жалпы сомасы төменгі кестеде берілген.

<i>Мың теңгемен</i>	Ақша қаражаты мен депозиттер	Қарыздар	Таза баланстық позиция
2019 жылдың 31 желтоқсанына			
АҚШ Доллары	45,540,760	(181,852,296)	(136,311,536)
2018 жылдың 31 желтоқсанына			
АҚШ Доллары	31,514,282	(209,624,515)	(178,110,233)

Компанияның операцияларға байланысты валюталық тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік беретін формальды құралдары жоқ. Компанияда шетел валютасында жасалатын мәмілелермен байланысты тәуекелдер бар. Бұндай тәуекелдер АҚШ долларындағы қарыздарға байланысты пайда болады.

22 Қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен саясаты (жалғасы)

Келесі кестеде Компанияның салық салынғанға дейінгі табысының (активтер мен міндеттемелердің әділ құнындағы өзгерістерге байланысты) өзге көрсеткіштердің тұрақтылығы жағдайында АҚШ доллары мен қытай юанінің айырбас бағамының мүмкін өзгерістеріне пайданың сезімталдығы көрсетілген.

<i>Мың теңгемен</i>	Валюталардың айырбас бағамының ұлғаюы/(азаяуы)	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2019 жыл		
АҚШ доллары	+14,00%/-10,00%	(15,266,892)/10,904,922
2018 жыл		
АҚШ доллары	+10,00%/-10,00%	(19,948,346)/14,248,818

Капиталды басқару

Капиталды басқаруға қатысты Компанияның негізгі мақсаты тұрақты несилік рейтингті ұстану және Компанияның қызметін жүргізу үшін капиталдың лайықты деңгейі мен Акционердің пайдасын барынша көбейтуді қамтамасыз ету болып табылады. Компания өзінің капиталдық құрылымына басшылық етеді және экономикалық жағдайдың өзгеруіне сәйкес оны өзгертеді. Компания капитал құрылымын сақтау немесе өзгерту мақсатында дивидендтерді төлеу мөлшерін реттей алады, акционерге капиталды қайтара алады немесе жаңа акцияларды шығара алады.

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін капиталды басқаруға қатысты мақсаттарда, саясаттарда немесе үдірістерде өзгерістер болған жоқ.

Қаржы құралдарының әділ құны

Ақшалай қаражаттардың, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтерінің, сауда және өзге дебиторлық қарыздардың, сауда және өзге кредиторлық қарыздардың және басқа қаржылық міндеттемелердің баланстық құны мұндай қаржы құралдарының қысқа мерзімділігіне орай шамамен олардың әділ құнына тең.

Несиелер мен қарыздар құбылмалы мөлшерлемені ескере отырып, амортизацияланған құн бойынша ескеріледі, өрі несиелер мен қарыздардың баланстық құны шамамен олардың әділ құнына тең болады.

Жалдау міндеттемелерінің әділ құны есеп беру күніне 1,899,650 мың теңгені құрайды.